

Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 маусымдағы N 439 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды – ҚР 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

1-1) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

1-2) алып тасталды – ҚР 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

1-3) қорап – картоннан немесе қағаздан немесе өзге де материалдан жасалған, темекі өнімінің белгілі саны бар тұтыну ыдысының бірлігі;

1-4) орам – белгілі қорап саны бар топтап тұтыну ыдысының бірлігі;

1-5) сәйкестендіру – белгілі бір өнімді өндіру, айналымға шығару (айналысы), пайдалану саласында оны өзіне ұқсас өнімнің арасында айырым белгілері бойынша ауыстырмай тануды қамтамасыз ететін рәсім;

1-6) сәйкестендіру құралы – штрих код түрінде ұсынылған немесе радиожілік белгісіне жазылған немесе автоматты түрде сәйкестендірудің өзге құралы (технологиясы) пайдаланыла отырып ұсынылған, машинамен оқылатын нысандағы символдардың бірегей тізбегі;

1-7) таңбалау – тұтынушыға арналған ақпаратты құрайтын және қорабы мен орамындағы мәтін, шартты белгі және суреттер;

2) темекі өнімдерінің айналымы - темекі өнімдерін экспорттау, импорттау, сақтау, көтерме және бөлшек саудамен өткізу;

3) темекі өнімдерін көтерме саудамен өткізу - темекі өнімдерін одан әрі қайта сату үшін өткізу (жөнелту);

4) өндіріс паспорты - темекі өнімдерін өндірушінің өндірістік қуаттарының көрсеткіштерін, өндірістің технологиялық процесін сақтау үшін қолда бар жабдықтарды пайдалануды реттейтін оның негізгі сипаттамаларын көрсететін құжат;

5) темекі өнімдерін өндіруші - сату үшін темекі өнімдерін өндіретін жеке немесе заңды тұлға;

5-1) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) темекі өнімдерінің өндірісі – стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес келетін темекі өнімдерін дайындауды қамтамасыз ететін технологиялық процестер жиынтығы;

7) темекі өнімдері - шегу, сору, шайнау, иіскеу немесе тұтынудың өзге де тәсілдері үшін, оның ішінде темекіні қыздыруға арналған жүйелердің немесе кез келген өзге де аспаптың көмегімен пайдаланылатындай етіп дайындалған шикізат ретінде темекі жапырағынан және (немесе) темекі өсімдігінің басқа бөліктерінен толығымен немесе ішінара жасалған өнімдер;

7-1) фильтрлі сигареттер - кесілген темекіден жасалған, фильтр қолданыла отырып, сигарет қағазымен оралған, шегуге арналған темекі өнімдерінің бір түрі;

7-2) филтрсіз сигареттер - кесілген темекіден жасалған, филтрдің қолданылуынсыз сигарет қағазымен оралған, шегуге арналған темекі өнімдерінің бір түрі;

8) уәкілетті орган - темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11. N 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымына байланысты қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

1-1. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы реттеудің мақсаттары болып табылады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу

1. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

1-1. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы реттеу:

1) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезіндегі заңдылық;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, техникалық регламенттерге, санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезіндегі негізділік;

3) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезіндегі объективтілік пен ашықтық қағидаттарына негізделеді.

1-2. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы реттеудің міндеттері:

1) экономикалық мүдделерді және халықтың денсаулығын қорғау;

2) Қазақстан Республикасында өндірілетін және оған әкелінетін темекі өнімдерінің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасау;

3) Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу:

1) темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялауды;

2) темекі өнімдерінің импортын реттеуді;

3) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымына мониторингті жүзеге асыру және декларациялау тәртібін белгілеу арқылы бақылау жасауды;

4) фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеуді қамтиды.

3. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 N 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына темекі өнімдерін әкелуге шектеулер мен тыйымдар белгілейді;

4) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4-2) алып тасталды – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) алып тасталды;

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11 N 201(01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

1-1) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен

айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

2) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы көлемдерінің теңгеріміне бақылау, есеп жүргізеді және талдау жасайды;

2-1) фильтрлі, филтрсіз сигареттерге, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес темекі өнімдерін өндіруге лицензиялар береді;

4) мемлекеттік органдармен темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын бақылауды жүзеге асыру жөнінде өзара іс-қимыл жасайды;

5) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5-1) мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

5-2) темекі өнімдерінің қалдықтары және (немесе) айналымы туралы декларацияларды табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

5-3) темекі бұйымдарын сәйкестендіру құралдарымен таңбалау және олардың қадағалану тәртібін айқындайды;

5-4) алып тасталды – ҚР 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-5) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Темекі өнімдерінің өндірілу жағдайларының ерекшеліктері

Темекі өнімдерін өндіру:

- 1) лицензияда көрсетілген мекенжай бойынша;
- 2) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетін жабдықта;
- 3) өндіріс паспорты болған кезде;
- 4) темекі өнімдерін өндірушіге меншік құқығымен немесе өзге де құқықтармен тиесілі темекі өнімдерін өндіру үшін қажетті үйлер мен үй-жайлар болған кезде;
- 5) темекі өнімдерін өндіруді технологиялық бақылау жөніндегі зертханасы болған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Өндіріс паспортына енгізілетін мәліметтер

1. Өндіріс паспортын темекі өнімдерін өндіруші әзірлеп, толтырады және уәкілетті органға жібереді.
2. Өндіріс паспортында мынадай негізгі мәліметтер болуға тиіс:
 - 1) технологиялық жабдықтың негізгі сипаттамалары көрсетілген темекі өнімдерін өндірудің технологиялық схемасы;
 - 2) сапа бақылауын ұйымдастыру;
 - 3) дайын өнімнің қойма үй-жайларының сыйымдылығы;
 - 4) темекі және темекі емес компоненттер шығыстарының нормативтері, ысырап нормалары.
3. Өндіріс паспортындағы мәліметтер өзгерген жағдайда, темекі өнімдерін өндіруші бір ай ішінде аталған өзгерістер туралы уәкілетті органға құжаттап хабарлауға міндетті.

8-бап. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымының мониторингі және оны декларациялау

1. Темекі өнімдерінің өндірісін жүзеге асырушы тұлғалар уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мониторингі жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер беруге міндетті.
2. Темекі өнімдерін импорттауды және (немесе) көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға темекі өнімдерінің қалдықтары және (немесе) айналымы туралы декларациялар ұсынуға міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау

Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру

1. Темекі өнімдерін өндіруге берілетін лицензияның қолданылуын лицензиар:

- 1) осы Заңның 6, 7 және 8-баптарында белгіленген нормалар және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасы бұзылған;
- 2) лицензиат біліктілік талаптарын бұзған;
- 3) лицензия берілген күннен бастап бір жыл ішінде лицензияланатын қызмет жүзеге асырылмаған;
- 4) лицензиарға оның құзыретіне сәйкес мәлімет беруден бас тартқан немесе дәйектемесіз ақпарат берген;
- 5) темекі бұйымдарын сәйкестендіру құралдарымен таңбалау және олардың қадағалану қағидалары бұзылған жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұра алады.

2. Темекі өнімдерін өндіруге берілген лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11. № 201(2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Темекі өнімдерін өткізу

1. Қазақстан Республикасының аумағында темекі өнімдерін өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Темекі өнімдерінің айналымы кезінде міндетті түрде тауарларды әкелу туралы хабарлама және қабылдау (беру) актісі ресімделеді.

Тауарларды әкелу туралы хабарламаны және қабылдау (беру) актісін ресімдеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Тауарларды әкелу туралы хабарламасы және қабылдау (беру) актісі жоқ, сондай-ақ темекі өнімдерін сәйкестендіру құралдарымен таңбалау және олардың қадағалану қағидалары бұзылған темекі өнімдерінің айналымына және орнын ауыстыруына тыйым салынады.

3. Алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.12.2015 № 432-V (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап

қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Темекі өнімдерінің импортын реттеу

Темекі өнімдерінің импортын реттеу акциз ставкаларын, кедендік, арнайы, демпингке қарсы және өтемдік баждар ставкаларын, темекі өнімдерінің импортына квоталарды бекіту (өзгерту) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-бап өзгеріс енгізілді - ҚР 08.06.2015 № 317-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қызметін Қазақстан Республикасының темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдарын бұза отырып жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Шығарылған жері белгіленбеген, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және техникалық регламенттердің талаптарына және (немесе) санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін, сондай-ақ сәйкестендіру құралдарынсыз және сәйкестендіру құралдарымен темекі бұйымдарын таңбалау және олардың қадағалану қағидалары бұзыла отырып өткізілетін темекі өнімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қоюға және жоюға жатады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2006.12.11. N 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 407-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*